

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”

С. Сейфуллин

ЖАҢААРҚА

Ауқандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru

Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады



№38 (10148), 14 қазан, 2023 жыл

Облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы ауданымызға жұмыс сапарымен келді

12 қазан күні облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы жұмыс сапарымен ауданымызға келіп, Бидайық, Орынбай ауылдық округтерінің тұрғындарымен жолығысып, тұрғындар тілегін тыңдап, ауылдарда атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Ауданымыздың іргесінде орналасқан Бидайық ауылдық округіне қарасты Қарамола ауылына атбасын тіреген облыс басшысы ірі шаруақожалықтың бірі, аймағымызды етпен қамтып отырған, мал бордақылаумен

айналысатын «Берікбол» шаруақожалығының жетекшісі Берікбол Тілеубайұлы Мұқашевтың шаруасымен танысты.

2018 жылы құрылған бұл шаруашылық асыл тұқымды қазақы ақбас пен әулиекөл тұқымды ірі қара малдарын өсірумен айналысады. Атшаптырым аймаққа салынған мал бордақылайтын алаңда 400 бас ірі қара бордақыға қойылған екен. Оттық толы шөп, науа толы су, астау толы азыққа ауыз толтырған қара малдың қоң еттері майланып, жондары жоталанып, мойындары жуандаған. Осы іспен айналысқанына бес жылдай уақыт болған Берікболмен жұмыскерлерінің жұмысқа төселгендері көрініп тұр. Кең баздың іші жарық әрі таза. Мал азықпен толықтай қамтылған. Қысы-жазы өріске шықпай, бір орында тұратын малдың қонды болуы күтімге байланысты. Малдың күйлі болуын күйттеген жұмыскерлер тынымсыз бордақылау әдісінің бабын бір кісідей біледі. Аямай берген азықтың ақталар сәті сойған малдың бір ет, бір май болып қатпарланып, тұтынушының талғамына сай шыққаны. Еңбектері еш кеткен емес. Бір айдан артық бордақыда тұрған өгізшелер мен тайша-бұқалар ақтарылып түсіп, қызылға құмар, ет сүйер қауымның қазанын майға бөктіруде.

Бордақылау алаңының жұмысымен танысқан Берік Әбдіғалиұлы мал азығын дайындауда көпжылдық екпе шөптердің пайдасының зор екенін айтып, бірте-бірте екпелі шөп жүйесін қолданысқа еңгізіп, малға жұғымды азықпен айналысу керектігін айтты. Бордақылау алаңындағы малға тойымды әрі жұғымды азық керек екенін айтқан облыс басшысы екпе шөп өсіру шаруалардың азыққа деген шығынын азайтатынын баса айтып, жас кәсіпкерден алдағы жоспары жайлы сұрады.

«Өңірімізді оның ішінде ауданымызбен екі облыс Ұлытау, Қарағандыны етпен қамтып отырмыз. Астана қаласына да тапсырыс бойынша ет апарып өткізіп тұрамын. Қазіргі күні қысқы азығымызды қамдап алдық. Нұра ауданынан арпа мен бидайды жеткізіп алсам, кебек пен жемді маңайдағы кәсіпкерлерден алып, қысқа қажетті шөпті үйіп алдық. Ендігі мәселе былтырғы жылы қомақты қаржы несиеге алғанмын соны осы жылы өтеуім керек.



Биылғы жылғы шығыным пайдадан басым болғандықтан оны биыл толықтай өтеу ауыртпашылық әкеліп тұр. Соны екі-үш жылға бөліп төлеуге жәрдем берсеңіз—деді. Облыс басшысы жауапты мекеме басшыларына тапсырма беріп, көмектесу керектігін айтты.

Заманында Бидайық ауылы көкөніс өсіретін іргелі ел болғаны белгілі. Көкөніс суды көп қажет етеді. Облыс басшысы ауыл іргесіндегі Бидайық су қоймасының бүгінгі жай-күйімен танысты. Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Қуат Анасұлы Имантүсіпов облыс басшысына Бидайық су қоймасы жайлы толық мағлұмат берді.

1990 жылдардан бері жөндеу көрмеген тоғанның тозығы жеткен. Алдағы уақытта жөнделмесе көктемгі су тасқындарына шыдас бермеуі бек мүмкін. 7-8 текше метр су сиымдылығы бар тоғамда 12 қаба (шлюз) орналасқан.

Арнайы арық арқылы су диттеген жерге жеткізіліп тұрады. Бүгінгі таңда мал асырап, сүт өткізумен айналысып отырған ауылда көкөніс өсірумен «Алпамыс» ЖШС мен ауыл тұрғындары айналысып отыр.

«Ғаламды алаңдатып отырған құрғақшылыққа орай мемлекет басшысы суды тиімді пайдалану керектігін қатаң айтуда. Осыған

орай бізде суды тиімді әрі нысаналы іске жаратуымыз керек-деген облыс басшысы тоғамды қайра жөндеу үшін

қанша қаражат керектігін саралауға Қуат Анасұлына тапсырма берді.

Бидайық елді мекенінде бойкөтеріп жатқан фельдшерлік амбулаториялық пункттің жұмысымен танысқан Берік Әбдіғалиұлы осы құрылысты жүргізіп жатқан «Балқаш- Жібек жолы» ЖШС директоры Мейір Смағұловпен тілдесті.

Бытырғы жылы құрылысы басталған ғимаратты салуға 139 млн. қаражат көзделген екен. Жыл соңына дейін қолданысқа берілетін ғимарат салынып, ішкі әгеу мен сырлау жұмыстары жүргізілуде. Қажетті жиһаздар алынып, қойылыпты. Алдағы уақытта тапсырыс берілген медициналық құрал-жабдықтар әкеліп орналастырылмақ. Облыс басшысы мердігерге құрылысты аяқтап, талапқа сай барлық құрылғыларымен уақытылы тапсыруды ескертті.

Биылғы жылы өңірімізде оның ішінде жеті ауылдық округте көпбалалы аналарға арнайы салынған тұрғын үйлердің құрылысының алды аяқталып, баспана аналарымызға табысталуда. Өткен аптада Айнабұлақ елді мекеніндегі үй өз иелеріне есігін айқара ашса, бүгін Бидайық елді мекенінің қос анасы облыс әкімінің қолынан тұрғын үйдің кілтін алды.

Мердігер Берікбол Мұқашев салған қос пәтерлі 200 шаршы метрді құрайтын жер үй қолданысқа берілді. Бір пәтердің көлемі 99,6 шаршы метр. Жаңа баспана жанға жайлы. Мұнда қонақ бөлмесі, жатын бөлме, ас бөлмесі, балалар бөлмесі бар. Жуынатын бөлме мен әжетхана жеке орналасқан. Пеш жағатын бөлмеде жеке орналасыпты.

Қызыл кірпішпен қапталған ұдайы жылы үйдің ашылу салтанатына жиналған көпшілікті облыс басшысы



Берік Әбдіғалиұлы құттықтап, қос ана Ксения Асманова мен Гүлшат Қожахановаға салтанатты түрде пәтер кілттерін және аудан әкімдігі дайындаған бағалы сыйлықтарды табыстады. Ауыл анасы Баян Жұмажанова ақ тілегін арнады.

Облыс басшысы Берік Әбдіғалиұлы мен ауыл ақсақалы Сапар Жақыпов және ауылдың ардақты анасы Баян Жұмажанова лентаны қиып, төрге озды. Құтты болсын айтысқан жұрт шашу шашып, жайлы баспананы тамашалады.

Биылғы жылы ауданымызда бірнеше мектептердің қасбеті жөнделіп, сырты әдемі қаптамамен тысталып, жөндеу жұмыстары жүрді. Бидайық ауылындағы мектептің де сырты қаптамамен тысталып, жаңа өң берілген. Облыс басшысы мектепке келіп, жасалған жұмыстармен танысты. Сырты қапталған мектептің алдыңғы албарына салынған асфальттің ой-шұңқырын аңғарған басшы мектеп алдына төсемтас неге төселмеген деді. Алдағы уақытта төсемтас пен мектеп қоршауына қаржы қарастырылғанын айтқан мектеп басшысы мектептің әр бөлмесін аралатып, спорт залына жасалған жөндеу жұмыстарымен таныстырды. Аудандық білім бөлімінің басшысы Махаббат Балабаеваға қысқы отын көмірді мектепке жақын үймей жеке орын дайындап, реттеу керектігін тапсырды.

Жылы жүздесу барысында облыс басшысы ауыл азаматтарының қандай ұсыныстары барын сұрады. Ауыл ақсақалы Берік Әбдіғалиұлының сапарына сәттілік тілеп, ауылда атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толатынын жеткізді. Естелік суреттерге түскен ұстаздар қауымы білім беру саласына жасалып жатқан қамқорлық үшін алғыстарын білдірді.



(жалғасы келесі бетте)

Жаңаарқа білім бөлімі хабарлайды

Жаңаарқа ауданы білім бөліміне қарасты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының КМКҚ «Акерке», «Ертөстік», «Балдырған», «Қарлығаш», «Құлыншақ», «Еркетай» бөбекжайларының балаларға берілетін ас мәзірінің бір айлық құны бүгінде 2 мен 3 жастағыларға 16000 теңге, 3 пен 5 жастағыларға 18000 теңгені құрайды. ЖШС «Балауса», «Дария» бөбекжайларының балаларға берілетін ас мәзірінің бір айлық құны бүгінде 2 мен 3 жастағыларға 15000 теңге, 3 пен 5 жастағыларға 17000 теңгені құрайды.

Ұлытау облысының білім басқармасы Ұлытау облысының әкімдігінің 2023 жылы 28 қыркүйектегі №54/01 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» Ұлытау облысының әкімдігінің 2023 жылдың 15 наурыздағы №14/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ұлытау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 28 қыркүйектегі

№54/02 қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір балаға (1-3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Айына бір балаға (1-3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	560	15000	17000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	270	15000	17000

Құрметті ата-аналар, 2023 жылдың 02 қазан айынан бастап

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасы бойынша төленеді.

К.М.Ашықбекова,
Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің бастауыш және
мектепке дейінгі ұйымдарының әдіскері

Алаяқтардың арбауынан сақ болайық

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде алаяқтық фактілері көбеюде. Көбіне өз пайдасын асыра ойлау адамдардың алаяқтардың арбауына оңай түсіп қалуына итермелейді. Кейбір азаматтар біреудің сөзіне сеніп, ғаламтордағы күдік тудыратын, ресми тіркелмеген бағдарламаларды ұялы байланыс құралына жазып алу арқылы өзінің жеке деректемелерін енгізіп, өзінің атына несие ашылғандығын немесе қаражатының жоқтығын байқап жатады.

Алаяқтар онлайн режимде «тұзақтар» құрып, банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері ретінде өздерін таныстыра отырып, азаматтарға қоңырау шалып жеке деректерін сұрайды. Ғаламторда, әсіресе танымал әлеуметтік желілерде басқа да қаржылық алаяқтықтар самсап тұр. Мысалы, алаяқтар жалған боттарды (сілтеме), соның ішінде белгілі банктердің атынан боттар жасайды, олар әртүрлі қаржылық қызметтерді алу жөнінде кеңес беруді немесе жеңілдетілген кредит, әлеуметтік төлемдер, зейнетақы қаражатын алуға және тағы да басқа қызметтерді ұсынады. Мұндай жалған қызметкер ретінде хабарласатын алаяқтар аңғал азаматтардың шотындағы барлық ақшаны қағып алады. Қылмыскерлер ұялы телефонмен қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, есеп-шотындағы қаражатқа алаяқтық әрекет жасалып жатыр деп сендіріп, соны тоқтату үшін, банк картасының деректемелерін, пин-кодын және картаның келесі бетіндегі соңғы үш номерін хабарлауды ұсынады немесе осы тәсілмен арнайы қосымшаны ұялы телефонға жүктетіп, рұқсат ала отырып, онлайн несие ресімдеу арқылы, қаражатты өзге есеп-шотқа аударып иемденеді.

Көп жағдайда алаяқтар адамның жеке нөміріне смс хаттар жіберіп, белгілі бір ұтыс ойынынан сыйлық ұтып алғанын, сол сыйлыққа қол жеткізу үшін қаражат аудару немесе жеке құжат мәліметін сұратады. Ойында ешқандай күмәні жоқ, сыйлық ұтып алғанына қуанған адамдар алаяқтың арбауына тез түседі. Немесе мүгедектердің, зейнеткерлердің үйлеріне барып өздерін әлеуметтік қызметкер ретінде таныстырып оларды сөзбен алдау арқылы қаражаттарын жымқырып кетеді.

Сонымен қатар, алаяқтар ауыл-ауылдарды аралап, ауыл тұрғындарына төмен бағамен таза су орнатуға көндіріп, жалған келісім шартқа қол қойдырып, олардың ұялы телефондарындағы банк қосымшалары арқылы өздері ұсынған төмен бағадан екі есе көп мөлшерде онлайн несие рәсімдеп алатын жағдайларда кездеседі. Өкінішке орай бұл туралы тұрғындар біршама уақыт өткеннен кейін біліп жатады.

Тағы бір алаяқтықтың түрі - әлеуметтік желі арқылы онлайн жиназдарға, тұрмыстық заттарға тапсырыс қабылдау. Бұл жағдайда алаяқтар басқа дүкендерге қарағанда төмен бағаны көрсетіп, Қазақстанның кез-келген аймағына тегін жеткізіп береміз және сатып алынған тауардың жарты бағасын тауарды қолға алғанда төлейсіз деп әртүрлі қызуғышылықты танытатын жарнамалар жасайды.

Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену болып табылады. Алаяқтық жасағандарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша, қылмыстың ауырлық дәрежесіне байланысты он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сөз соңында «Сақтықта қорлық жоқ» - демекші алаяқтардың құрбанына айналмас үшін ешқашан алдын-ала төлем жасамаңыз. Картаңыздың, жеке счётыңыздың мәліметтерін ешкімге бермеңіз. CV код пен құпия сөзді жасырын ұстаңыз. Белгісіз нөмірлерден хабарласатын адамдарға сенбеңіз. Тауарды көзбен көрмей, оны алу, ал банк картасына немесе электрондық әмиянға аударылған ақшаны қайтару тіптен мүмкін емес екендігін есте сақтаңыз! Күмәнді сілтемеге өтпеңіз. Алаяқтардың арбауынан сақ болайық!

Бота Каримова,
Жаңаарқа аудандық сотының төрағасы

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Quzhal Resources» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1.Жобаның атауы: «Құжал» кен орнындағы «Quzhal Resources» ЖШС нысандарынан қоршаған ортаға әсер ету бойынша экологиялық рұқсат алу үшін экологиялық құжаттамалар (ҚОҚБ, ҚШН, ҚШН, ҚББ, ЭБЖ, ҚШЖ);

2.Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу к. ә., Атасу ауылы;

3.Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылы 29 қараша сағат 11.00-де, Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы, Мұқажан Жұмажанов атындағы ауыл, Мұқажан Жұмажанов ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі 22, әкімдік ғимаратында өтеді.

4.Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Quzhal Resources» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, № 6/3 үй, 3 пәтер. БСН - 181240012484, тел. 87052778998.

5.Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекен-жайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, "Жеңіс" БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттамамен <https://ecoportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru> танысуға болады.

7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ecoportal.kz; akzhami@mail.ru.

Эпидемиологиялық жағдай нашарлаған жағдайда бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom бейне-конференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша оту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/89427338289?pwd=iuf2JMqJiSjBw7sb2GRYSbRPFCS4zY.1>; Конференция идентифика-торы: 894 2733 8289; Кіру коды: 9sB4HS.

Тіркелу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша ұсынылған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Объявление

ТОО «Quzhal Resources», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1.Наименование проекта: Экологическая документация (РООС, НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ) для получения экологического разрешения на воздействие от объектов ТОО «Quzhal Resources» на месторождении «Құжал»;

2.Территория воздействия: Республика Казахстан, область Ұлытау, Жаңаарқинский район, Атасуская п.а., п.Атасу.

3. Общественные слушания состоятся 29 ноября 2023 года в 11.00 часов по адресу: Ұлытауская область Жаңаарқинский район, с/о имени Мукажана Жумажанова, поселок им. Мукажана Жумажанова, улица Сакена Сейфуллина 22, здание Акимата.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Quzhal Resources». Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район «Есиль», проспект Қабанбай Батыр, дом № 6/3, кв.3. БИН – 181240012484, тел. 87052778998.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г.Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru>

7. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecoportal.kz; akzhami@mail.ru.

В случае ухудшения эпидемиологической обстановки данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи Zoom. Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/89427338289?pwd=iuf2JMqJiSjBw7sb2GRYSbRPFCS4zY.1>; Идентификатор конференции: 894 2733 8289. Код доступа: 9sB4HS.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Туберкулез. Инфекция жолдары, алғашқы белгілері

2023 жылдың өткен кезеңінде Жаңаарқа бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бойынша көліктегі қызметкерлер арасында туберкулез ауруы тіркелген жоқ. Туберкулез – туберкулез микобактериялары (Кох таяқшалары) туындайтын өмірге қауіпті жұқпалы дерт. Ол көбіне өкпені, сонымен қатар адам ағзасының басқа да мүшелерін зақымдайды. Науқастар стационарда 18-24 ай емделеді. Емдеудің толық курсы тегін. Дерттің ең басты көзі – туберкулезбен ауыратын адам, оның бөлетін қақырығы. Қатты сөйлеу, түшкіру, жөтелу кезінде ауыздан сілекейдің ұсақ, көзге көрінбейтін тамшылары ұшады. Сау адам жұқпалы бар адам тыныс алғанда туберкулезге шалдығуы мүмкін. Мұндай жұқтыру көзі ауа-тамшылы деп аталады. Ал микробтары бар шаң-тозаңнан өкпеге түсетін түрін ауа-тозаңды деп атайды. Сау адам жұқпалы затпен тікелей жанасу арқылы да жұқтыру мүмкін. Оны қатынасты дейді. Әдетте, мұндай жолмен науқасы бар жанұяның балалары жұқтырады. Сондай-ақ, туберкулезге шалдыққан жануарлар да туберкулез жұқпалының көзі бола алады. Ол әсіресе, мүйізді ірі қара арасында кездеседі. Туберкулез бактериялары ауада бірнеше апта бойы өмір сүруге қабілетті. Туберкулезді толық емдеудің ең басты шарты ауруды дер кезінде анықтау.

Туберкулездің ең алғашқы белгілері: -жөтелдің 2 аптадан астам уақытқа созылуы; -қатты шаршау; -әлсіздік; -төбеттің төмендеуі; -дене салмағының азаюы; -кеуде қуысының ауруы; -түнгі уақыттағы терлеу; -дене қызуының көтерілуі.

Осы белгілердің біреуі білінсе, дәрігерге барып тексеріліңіз. Өкінішке орай, науқастардың көпшілігі осы алғашқы белгілерге мән бермейтіндіктен ауруды асқындырып алады. Қазіргі кезде туберкулезді анықтаудың ең дәл әдісі – бактериологиялық, рентгенологиялық диагностика. Балалар мен жасөспірімдерде Манту сынамасы қойылады. Туберкулезге шалдықпау үшін қажет шаралар: -салауатты өмір салтын ұстану. Ет пен сүт, балық өнімдерін, көкөністер мен жеміс-жидектерді жеткілікті мөлшерде қолдану, тиімді тамақтану, белсенді дене шынықтыру, спортпен айналысу, жақсы демалу, шылым, алкоголь, есірткі тұтынбау; -аурудың алғашқы белгілері біліне бастағанда дәрігерге дер кезінде қаралу; -жыл сайын өкпені флюорографиялық тексеруден өткізу; -жеке тазалық, таза сумен қолды, ыдыстарды жуу, жеке ыдыс қолданып, жетелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды бүркемелеу; -таза ауада жиі болу; -үй-жайды мезгіл-мезгіл желдету, ылғалдап сүрту, тазалап отыру. Туберкулез - емделетін дерт. Тек неғұрлым ерте анықтау маңызды. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген халық даналығын ұмытпайық.

Айгүл Қуатова,
Жаңаарқа бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының басшысы